

**Қазақстан Республикасында почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті лицензиялау, радиожилік спектрін пайдалану тәртібі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 қарашадағы N 1443 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.29. N 998 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына және "Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төлеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 16 тамыздағы N 1127 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында Почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті лицензиялау, радиожилік спектрін пайдалану тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі екі ай мерзім ішінде бұрын Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі почта байланысы мен телекоммуникациялар саласында қызметін жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға берген лицензияларды Қазақстан Республикасында Почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті лицензиялау, радиожилік спектрін пайдалану тәртібі туралы ережеге сәйкестендірсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 25 қарашадағы  
N 1443 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасында почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті лицензиялау, радиожилігі спектрін пайдалану тәртібі туралы**

## **ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлығына, "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына сәйкес әзірленді және почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметке, радиожиилігі спектрін пайдалануға лицензиялар (патенттер) беру мен қайтарып алу (доғару), күшін тоқтату тәртібін айқындайды.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті лицензиялау кез-келген санаттағы тұтынушыларға почта байланысы мен телекоммуникациялар қызметін көрсететін заңды және жеке тұлғалардың (бұдан былай - лицензиаттар) қызметін, сондай-ақ шектеулі табиғат ресурсы ретінде мемлекеттің меншігі болып табылатын радиожиилігі аясының тиімді пайдаланылуын мемлекеттік реттеу мен бақылау мақсатында жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында бұл қызметті лицензиялауды Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі (бұдан былай - лицензиар) жүзеге асырады. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1334 қаулысымен**

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.03. N 1665 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.07.22. N 724 қаулысымен .**

3. Лицензиар почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметке берілген лицензиялардың біртұтас республикалық тізілімін, радиожиилігі спектрін пайдаланушылар тізілімін, сондай-ақ тоқтатылған және қайтарылып алынған лицензиялар тізілімін жүргізеді.

4. Лицензияларға Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің төрағасы қол қояды. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1334 қаулысымен**

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.03. N 1665 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.07.22. N 724 қаулысымен .**

5. Берілген лицензиялар туралы мәліметтер, сондай-ақ лицензиялардың қолданылуын тоқтату немесе доғару туралы шешімдер тоқсан сайын мерзімді баспасөзде жарияланып тұрады.

## **2. Лицензиялау объектілері мен құрылымы, лицензиялардың иелері**

6. Почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы мынадай кәсіпкерлік қызмет түрлері лицензиялануға тиіс:

- жергілікті телефон байланысы көрсететін қызмет;
- қалааралық телефон байланысы көрсететін қызмет;
- телеграф байланысы көрсететін қызмет, абонеттік телеграф желілері көрсететін қызмет, Телекс;
- деректер жеткізу жөнінде көрсетілетін қызмет;
- телематикалық қызметтер ("Телетекс", "Бейнетекс", "Телемәтін", "Телефакс", "Бюрофакс", "Бейнеконференцбайланыс") көрсететін қызмет;
- ұялық байланыс көрсететін қызмет;
- дербес байланыс көрсететін қызмет;
- жылжымалы радиотелефон байланысы көрсететін қызмет;
- жылжымалы радиобайланыс көрсететін қызмет;
- дербес радиошақыру көрсететін қызмет;
- бөлінген байланыс желілері бойынша электр байланысы көрсететін қызмет;
- жерсерігі байланыс желілері арқылы электр байланысы көрсететін қызмет;
- байланыс каналдарын жалға беру;
- телевизия мен дыбысты бағдарламалардың эфирлік трансляциясы бойынша көрсетілетін қызмет;
- телевизиялық хабарлардың жерсерігі жүйесі бойынша телевизия бағдарламаларының трансляция жөнінен көрсетілетін қызмет;
- кабельдік теледидар желісі бойынша телевизия бағдарламаларының трансляция жөнінен көрсетілетін қызмет;
- сымды хабарлар желілері бойынша дыбысты бағдарламалардың трансляциясы жөнінен көрсетілетін қызмет;
- жерсерігі хабарлары жүйелері бойынша дыбысты бағдарламалардың трансляциясы жөнінен көрсетілетін қызмет;
- почта жөнелтілімдерін қабылдау, тасымалдау және жеткізу жөнінен көрсетілетін қызмет;
- экспресс-почта көрсететін қызмет;

жалпы республикалық магистральдық және халықаралық байланыс арналарын техникалық пайдалану;

телекоммуникациялардың магистральдық, аймақтық және жергілікті желілерін техникалық пайдалану;

жерсерігі байланыс жүйелерін техникалық пайдалану;

радио байланысы, радио хабарлары мен теледидар объектілерін техникалық пайдалану;

телекоммуникациялар саласындағы қызметке байланысты радиожилілігі спектрін Халықаралық электр байланысы одағының Радио байланысы регламентіне және Қазақстан Республикасының Радиожилілігі жөніндегі мемлекеттік ведомстваралық комиссиясының шешімдеріне сәйкес пайдалану.

Байланыс қызметі - почта жөнелтілімдерін немесе электр байланысы хабарламаларын қабылдау, өңдеу, сақтау, жөнелту және жеткізу жөніндегі қызметтің нәтижесі.

Байланыс қызметін көрсету телекоммуникациялар құралдарын техникалық пайдалану мен көрсетілетін қызметті тұтынушылармен жұмысты жүзеге асыруды қамтиды.

Байланыс желілері мен жүйелерін, теледидар мен радио хабарлары объектілерін жобалауды, салуды және жабдықтарын монтаждауды өтініш беруші Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі лицензиясының негізінде өздігінен немесе осындай жұмыстарды орындауға лицензиясы бар басқа заңды тұлғамен жасалған шарттың негізінде жүзеге асырады.

#### 7. Мына қызметтер:

мемлекеттік басқару, қорғаныс, қауіпсіздік пен құқық тәртібі мақсатында ғана айырықша байланыс қызметін көрсету жөніндегі;

ішкі өндірістік қызмет пен технологиялық процестерді басқаруға арналған жалпы пайдаланымдағы байланыс желісіне шықпайтын және радио жиілігі аясын пайдаланбайтын ішкі өндірістік және технологиялық мақсаттағы желілерді құру мен пайдалану жөніндегі;

курьерлік қызмет көрсету жөніндегі;

ведомстволық желілердің, егер олар "үшінші тұлғаларға" байланыс қызметін көрсетпей, заңды тұлғаның өзінің ғана мұқтаждарын қанағаттандыруға арналған болса, жергілікті телефон байланысы (радиожилілігі спектрін пайдаланусыз) көрсететін қызмет жөніндегі;

мемлекет монополиясына жатқызылған қызметтер лицензияланбайды.

8. Лицензия (патент) оның иесінің белгілі бір аумақтың шекарасында көрсетілген мақсатында сәйкес лицензияда айтылған талаптар мен шарттарды сақтай отырып, белгіленген мерзімнің ішінде почта байланысы мен

телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

9. Телекоммуникациялар саласындағы радиожилігі спектрі пайдаланылатын қызметті, сондай-ақ радио байланысы, радио хабарлары мен теледидар саласындағы байланыс жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде лицензиат қызметті жүзеге асыруға деген лицензиямен қатар радиожилігі спектріні пайдалануға рұқсат (рұқсаттар) алуға міндетті, бұлар лицензияның ("Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының 7-бабының 1-тармағына сәйкес) ажырағысыз қосымшасы болып табылады.

10. Радиожилігі спектріні пайдалануға алынған рұқсат оның иесінің техникалық құралдарына бекітіліп берілген жиілік телінімдерін (аталған жиіліктерді) пайдалануға құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

11. Лицензия (патент) лицензиаттың почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы нақтылы кәсіпкерлік қызмет түрін жүзеге асыруға құқығын заң жүзінде бекемдейді және ол басқа заңды немесе жеке тұлғаға берілуге тиіс емес. Аталған ереже сондай-ақ радиожилігі спектріні пайдалану жөніндегі рұқсатқа да қолданылады. Лицензияның күші лицензиатпен шарттық қатынастармен байланысты үшінші тұлғаларға қолданылмайды.

12. Қызмет (жұмыс) түріне қарай берілетін лицензиялардың санын лицензиялау құрылымына сәйкес (1-қосымша) лицензиялардың өзі анықтайды. Саны жөнінен шектеулер радиожилігі ресурстарының, қалааралық/халықаралық телефон байланысы кодтарының, телекоммуникациялар желілері телефон нөмірлерінің жетімсіздігіне байланысты болуы мүмкін.

13. Кәсіпкерлік қызметтің әрбір түріне жеке лицензия (патент) беріледі, ол басқа қызмет түрлеріне пайдаланылуға тиіс емес.

Кәсіпкерлік қызмет көрсету жөніндегі жұмыстың бірнеше түрін жүргізуге, егер олар өтініш берушінің қарауындағы байланыс жабдықтарының біртұтас технологиялық кешені арқылы атқарылатын болса, бір лицензия берілуі мүмкін.

### **3. Лицензиялардың қолданылу мерзімі**

14. Лицензиялардың қолданылу мерзімін қызмет түріне қарай лицензиар белгілейді:

лицензиаттың ірі күрделі салымдарын және өзін ақтаудың ұзақ мерзімін талап ететін телекоммуникациялық желілерді салуы мен пайдалануына байланысты болатын негізгі электр байланысы (жергілікті, қалааралық және халықаралық телефон мен телеграф байланысы) қызметін, тиісті ұлттық желілердің деректер беру қызметін көрсету жөніндегі кәсіпкерлік жұмысты жүзеге асыруға - он бес жыл;

республиканың бүкіл аумағында ұялық немесе дербес байланыс қызметін көрсету жөнінде кәсіпкерлік жұмысты жүзеге асыруға - он бес жыл;

байланыстың тиісті аймақтық және жергілікті желілері, бөлінген және жер серігі желілерімен негізгі электр байланысы қызметін көрсету жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға - он жыл;

телематикалық қызметті, жылжымалы радио және радио телефон байланысы, дербес радиошақыру қызметін, байланыстың ұлттық желілерімен, бөлінген және жер серігі желілерімен байланыс каналдарын жалға беру қызметін көрсету жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға - он жыл;

тиісті аймақтық және жергілікті желілердің (желілердің сыйымдылығы 5000 және одан кем нөмірлі, байланыс арналары бойынша 120 және одан кем каналдар ) алдыңғы абзацта көрсетілген қызметтерді көрсету жөніндегі кәсіпкерлік жұмысты жүзеге асыруға - бес жыл.

Почта байланысы көрсететін қызмет жөніндегі кәсіпкерлік жұмысты жүзеге асыруға - бес жыл;

радио байланысы, радио хабарлары мен теледидар саласындағы кәсіпкерлік байланыс қызметін жүзеге асыруға - үш жыл;

байланыс құралдары мен желілерін және радио байланысы, радио хабарлары мен теледидар объектілерін техникалық пайдалануды жүзеге асыруға - үш жыл мерзім белгіленеді.

15. Радиожиілігі спектрін пайдаланып, телекоммуникациялық қызмет көрсетуге лицензия (патент) алынған жағдайда, жиілік телінімдерін пайдалануға рұқсат қызмет көрсетуге алынған лицензияның (патенттің) қолданылу мерзімінің соңына дейін оларды келесі жарты жылға ұдайы ұзартып отыру арқылы алты айға беріледі (осы Ереженің 9-тармағы).

#### **4. Лицензиялардың мазмұны**

16. Лицензия (патент) белгіленген нысан бойынша беріледі және онда лицензиар белгілеген бірқатар міндетті шарттар көрсетіледі.

17. Лицензияның міндетті шарттарына:

коммутациялық жабдықтардың құрамында Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес арнаулы жедел іздестіру іс-шараларын жүргізудің техникалық құралдары жүйесінің болуы;

онда қолданылатын жабдықтың үлгілері, жабдық пайдаланыла бастаған сәтте сәйкестік сертификаттарының болуы жөніндегі міндеттемелер көрсетілген жұмыстардың көлемі (желілердің сыйымдылығы);

егер лицензиат осы қызмет түрінің нарығында монополистік жағдайда тұрған болса, онда байланыс қызметіне арналған тарифтер жөніндегі лицензиармен

к е л і с і м і ;

лицензиаттың қызметін тұтынушылары алдындағы өзінің міндеттемелері бойынша жауапкершілігі;

саланың ерекшелігінен туындайтын талаптар, атап айтқанда: жабдықтардың құрамында Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізуді қамтамасыз ететін сертификатталған ақпараттық-бағдарламалық және техникалық құралдардың болуы ;

лицензиаттың техникалық құралдарына жиілік телінімдерін бекітіп беру ( радио жиілігі спектрін пайдалануға рұқсаттар алу) тәртібі туралы;

лицензиаттың желісін республиканың жалпы пайдаланымдағы байланыс желілеріне, басқа мемлекеттердің байланыс желілеріне қосу тәртібі туралы;

халықаралық байланыс (трафик) қызмет көрсетулерінің уәкілетті орган жүзеге асыратын есептеу жүйесі арқылы міндетті бағыттандыру туралы;

қалааралық және халықаралық графиктерді өткізу, телефон кодтарын, нөмірлемелерін және т.б. пайдалану тәртібі туралы;

әр түрлі желілердің операторлары арасында өзара есеп айырысудың тәртібі туралы талаптар кіреді.

Лицензияда сонымен қатар жүзеге асыру үшін лицензия алынып отырған қызмет түріне байланысты басқа да шарттардың қойылуы мүмкін.

**ЕСКЕРТУ. 17-тармақ 8-абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.11.25. N 1787 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 17-тармақ абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.12.20. N 1937 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 17-тармақ абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.08.07. N 1081 қаулысымен .**

18. Лицензиардың ұлттық қауіпсіздік мүддесінен, жедел-іздістіру шараларынан туындайтын, сондай-ақ телекоммуникациялар желілерінде пайдаланудың жаңа стандарттары, нормалары мен ережелері енгізілуіне байланысты лицензияға өзгерістер енгізуге құқығы бар. Лицензияға өзгерістер енгізудің тәртібі лицензиар өзгерістер енгізу ниеті туралы лицензиатты жазбаша түрде құлақтандырғаннан кейін онымен келісіледі.

Лицензияға енгізілген оның ажырағысыз қосымшасы болып табылатын өзгерістерге Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің төрағасы қол қояды. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1334 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.03. N 1665 қаулысымен .**

қаулысымен

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.07.22. N 724 қаулысымен

## 5. Лицензиялар берудің тәртібі мен шарттары

19. Почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру, радио жиілігі спектрін пайдалану құқығына лицензия (патент) біліктілік деңгейі қойылатын талаптарға сай келетін заңды немесе жеке тұлғаға беріледі.

20. Лицензия (патент) алу үшін заңды және жеке тұлғалар лицензиялық органға мынадай құжаттар:

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нысан бойынша өтінішін; қызметінің негізгі түрінің бірі ретінде почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы қызметі атап көрсетілген мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін;

радио хабарлары мен теледидар саласындағы байланыс жөніндегі қызметке өтініш берілген ретте, егер трансляция жасалатын бағдарламалар өтініш берушінің өз күшімен әзірленетін болса, онда бұқаралық ақпарат құралы мекемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін;

лицензияланатын қызмет қойылатын біліктілік талаптарына (2-қосымша) сәйкес жасалған ішінде техникалық ұсыныстары бар түсіндірме жазбаны тапсырады.

21. Радиожиілігі спектрін пайдалануға рұқсатты ресімдеу үшін өтініш беруші (лицензиат) санитарлық қадағалаудың радио электрондық тарату қондырғыларын осы орынға орналастырудың қауіпсіздігі туралы берген қорытындысын тапсыруға міндетті.

22. Шетел теле және радио станциялары бағдарламаларының Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан үшінші елдерге трансляциясын (ретрансляциясын) жүргізу үшін техникалық құралдардың берілуіне лицензия алуға өтініш жасалған ретте халықаралық келісімдердің талаптарына сәйкес қосымша мәліметтер мен құжаттар тапсырылады.

23. Өтініш пен оған қоса берілетін құжаттарды лицензиар тіркейді, өтініш иесіне оның тіркеу нөмірі мен тіркелген мерзімі жазбаша хабарланады.

24. Өтініштер:

оны мемлекеттің монополиясына жатқызылған қызмет түрлеріне берген; 20-24-тармақтарға сәйкес талап етілген құжаттарды ұсынбаған жағдайларда

қ а р а у ғ а

қ а б ы л д а н б а й д ы .

25. Өтініш пен оған қоса берілген құжаттарды лицензиар алқалы түрде ( арнайы құрылған лицензиялық комиссиямен) бір айдың ішінде қарайды, содан кейін өтініш иесіне ол лицензиялық алымын төлегеннен кейін өзі сұраған кәсіпкерлік қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия (патент) береді немесе жазбаша түрде дәлелдеп бас тартады.

26. Егер радиожиілігі спектрін пайдалануға байланысты кәсіпкерлік қызмет түрін жүзеге асыру үшін бір жиілік телінімін бекітіп беру талап етілсе, онда радио жиілігін пайдалануға деген рұқсат қызмет етуге арналған лицензиямен бір мезгілде берілуі мүмкін. Ал басқа жағдайларда осындай лицензия алынғаннан кейін ғана беріледі ("Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының 7-бабының 1-тармағы).

27. Өтініш материалдарына техникалық сараптама жүргізу, халықаралық үйлестіру немесе жиілікті іріктеу кезінде (Электр байланысы Халықаралық одағының Радио байланысы регламентіне сәйкес) басқа радио қызметтері жағынан кедергілерді болдырмау қажеттігіне байланысты басқа да мүдделі тараптармен іс-қимылды үйлестіру қажет болса, өтінішті қарау мерзімі өтініш иесімен келісім бойынша ұзартылуы, бірақ екі айдан аспайтын мерзімге ғана ұ з а р т ы л у ы м ү м к і н .

Сараптама жүргізуге, радиожиілігін іріктеуге және электр магниттік қабысымды есептеуге байланысты шығыстардың төлемін өтініш иесі жасайды.

Өтініш иесі сараптама жүргізу үшін лицензиар тағайындаған фирмалардан ( немесе нақтылы мамандардан), егер олардың құзырлылығы мен әділдігіне күмән келтірсе, бас тартуға және басқалардың шақырылуын талап етуге хақылы.

28. Лицензияларды және рұқсаттарды беру, егер:

бір аймақта қызметтің бір ғана түріне техникалық тұрғыдан іске асыру мүмкіндігінен көп өтініш берілсе;

радиожиілігі спектрінің экономикалық жағынан неғұрлым тиімді аралықтарын пайдалануға байланысты жаңа байланыс қызметін енгізу ұсынылса, конкурстық негізде өткізілуі мүмкін.

Конкурстарды өткізудің тәртібі мен шарттары Конкурстар өткізу тәртібі туралы ережеде (3-қосымша) айқындалып отыр.

Конкурсқа бір ғана өтініш түскен ретте лицензияның жарияланған конкурс шарттарының негізінде берілуі мүмкін.

29. Сараптама жүргізу үшін лицензиардың ғылыми - зерттеу және оқу орындарының, консалтинг фирмаларының мамандарын, сондай-ақ тәуелсіз сарапшыларды шақыруға құқығы бар.

## **6. Лицензия беруден бас тарту**

30. Лицензия (патент) беруден бас тарту мынадай себептер бойынша: өтініш беруші біліктіліктің өтініш беруші мен қызметтің осы түрі үшін белгіленген талаптарына сай келмеген;

өтініш берушіге қатысты оған қызметтің осы түрімен шұғылдануға тыйым салатын сот шешімі болған жағдайларда;

радиожиілігінің, телефон кодтарының жоқтығына, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген қуаттар және телевизия мен радио хабарлары станцияларының орналасуы жөніндегі шектеулерге байланысты қызмет түрін техникалық тұрғыдан жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда;

конкурс нәтижелері бойынша;  
өтініш иесі лицензия алғаны үшін ақы төлемеген жағдайда жүргізіледі.

## **7. Лицензияның (патенттің) қолданылуын тоқтату, доғару және оны кері қайтарып алу**

31. Лицензиар лицензияның (патенттің) қолданылуын мынадай жағдайларда:

берілген өтінішке сәйкес лицензияда белгіленген мезгілден бастап үш айдың ішінде қызмет көрсетілмеген;

лицензия үшін төлемі жөнінен немесе радиожиілігін пайдаланғаны үшін бір айдан асатын мерзімге берешегі болған;

тұтынушыларға көрсетілетін қызметтің сапасы туралы жаңсақ ақпарат берілген;

белгіленген техникалық пайдалану нормалары, ережелері мен көрсетілетін қызметтің сапасы сақталмаған;

қызметке лицензиар немесе ол уәкілдік берген орган жүргізген тексерістің нәтижесінде лицензия шарттарының бұзылғаны анықталған;

лицензиаттың қызметіне баға беру үшін қажетті мәліметтерді лицензиарға беруден бас тартқан жағдайларда алты айға дейінгі мерзімге тоқтатуға хақылы.

Тоқтатылған уақыты лицензия қолданылатын жалпы мерзімге кіреді.

32. Берілген лицензияның қолданылуы мынадай жағдайларда: лицензия (патент) берілген мерзім өткен;

лицензия (патент) берілген азамат кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;

лицензиат қызметін тоқтататыны жайында өтініш берген;

лицензия қайтарып алынған жағдайларда доғарылады.

33. Лицензия (патент) мынадай жағдайларда:

иесі лицензияда көзделмеген қызмет жүргізген;  
монополияға қарсы заңдарды бұзуына байланысты уәкілді органдар ұсыныс  
б е р г е н ;

лицензиатқа бекітіліп берілген радиожиілігін басқа тұтынушыларға уақытша  
немесе тұрақты пайдалануға берген;

лицензияның қолданылуын тоқтатуға әкеліп соққан себептерді белгіленген  
мерзімінде түзеген жағдайларда сот тәртібімен қайтарып алынуы мүмкін.

34. Лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда оның берілгені үшін  
төленген алым қайтарылмайды.

35. Лицензияның (патенттің) қолданылуы тоқтатылғаны туралы лицензиар (   
лицензиялық комиссия) осындай шешім қабылданғаннан кейін бір апта мерзім  
ішінде оның иесіне себептерін көрсетіп, жазбаша түрде хабарлайды.

Лицензиаттың атына жолданатын жазбаша құлақтандыруға Қазақстан  
Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің төрағасы  
қ о л қ о я д ы . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 35-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1334**  
қ а у л ы с ы м е н .

**ЕСКЕРТУ. 35-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.03. N 1665**  
қ а у л ы с ы м е н .

**ЕСКЕРТУ. 35-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.07.22. N 724** қаулысымен

## **8. Лицензиаттардың құқықтары мен міндеттері**

36. Лицензиялар (патенттер) иелерінің:  
көрсететін байланыс қызметіне (тарифтерін Қазақстан Республикасы Үкіметі  
реттейтін қызметтен басқаларына) еркін баға белгілеуге;

егер конкурс шарттарында өзгеше көзделмеген болса, басқа лицензиаттармен  
бірдей (техникалық және коммерциялық) жағдайлар бойынша жалпы  
пайдаланымдағы байланыс желілеріне қосылуға;

почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы әртүрлі кәсіпкерлік  
қызмет түрлеріне бірнеше лицензия алуға;

басқа лицензиаттармен арадағы дауларды шешу үшін лицензиялық органға  
ж ү г і н у г е ;

лицензиялардың қолданылуын тоқтату немесе доғару мәселелері жөніндегі  
барлық материалдармен танысуға, сондай-ақ лицензиар бұл материалдарды  
қараған кезде қатысып отыруға құқығы бар.

37. Лицензиаттар сонымен қатар лицензияда (патент) көзделген әрі Қазақстан  
Республикасының заңдарына қайшы келмейтін барлық құқықтарды иеленеді.

38. Лицензиялардың (патенттердің) иелері:  
лицензияның (патенттің) барлық талаптары мен шарттарының сақталуын;  
Қазақстан Республикасының заңдары талаптарының, жүйелерді, желілерді  
техникалық пайдалану мен қызмет көрсетудің белгіленген стандарттарының,  
нормаларының, ережелерінің сақталуын; сертификацияланған жабдықтың  
қ о л д а н ы л у ы н ;

халыққа көрсетілетін почта және телекоммуникациялық қызмет тарифтерінің  
ж а р и я л а н у ы н ;

телефон, телеграф және өзге хабарламалардың құпиялылығын;  
лицензиялық органның сұрау салуы бойынша лицензияланатын қызметке  
байланысты статистикалық және анықтамалық деректердің, басқа да  
м ә л і м е т т е р д і ң б е р і л у і н ;

лицензия үшін және радио жиілігі спектрін пайдаланғаны үшін төлемдердің  
у а қ т ы л ы ә р і д ұ р ы с е н г і з і л у і н ;

техникалық құралдардың жұмысына бақылау жасау үшін олардың  
лицензиарға немесе оның уәкілдік берген адамдарына ашық болуын;

көрсетілетін қызметтің, соның ішінде негізгі электр байланысы қызметінің  
сапасына тәулігіне 24 сағат бойы кепілдік беру арқылы тұтынушылар  
қ ұ қ ы ғ ы н ы ң қ о р ғ а л у ы н ;

жалпы пайдаланымдағы байланыс желілеріне жалғанатын желілер  
абоненттерінің тізімі берілген анықтамалықтардың шығарылуын;

төтенше жағдайларда желілердің мемлекеттік органдардың қарауына берілуін  
қ а м т а м а с ы з е т у г е м і н д е т т і .

39. Лицензиялардың (патенттердің) иелері Қазақстан Республикасының  
заңдарына сәйкес лицензияларға (патенттерге) енгізілген талаптардың сақталуы  
үшін жауап береді.

## **9. Лицензия (патент) берілгені үшін алынатын ақы**

40. Лицензиаттар жыл сайын "Салық және бюджетке төленетін басқа да  
міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы  
24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығына және Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 16 тамыздағы N 1127 қаулысымен  
бекітілген Жекелеген қызмет түрлерімен шұғылдану құқығы үшін лицензиялық  
алым төлеу тәртібі туралы ережеге сәйкес лицензия алған кезде алғашқы рет  
алым төлеген кезден бастап он екі айлық кезең өткеннен кейін лицензиялық  
а л ы м т ө л е п о т ы р а д ы .

Төлем тапсырыстарының көшірмелері лицензиарға табысталады.

41. Лицензияны (патентті) жоғалтқан (жоғалған, жойылған және т.б.) ретте "

дубликат" белгісі соғылған жаңа лицензия (патент) беріледі. Берілген "дубликат" үшін лицензиат лицензияның берілгені үшін алынған соманың 50 проценті мөлшерінде ақы төлейді.

42. Лицензия (патент) немесе "дубликат" алу үшін өтініш беруші төлем құжаттарының көшірмелерін көрсетуге тиіс.

## **10. Лицензиялар (патенттер) шарттарының сақталуын бақылау**

43. Лицензиар лицензиялар бланктерінің сатып алынуын, есепке алынуын және сақталуын, сондай-ақ лицензиялар (патенттер) шарттарын олардың иелерінің орындауына бақылау жасалуын жүзеге асырады.

44. Лицензиаттардың лицензиялық шарттарды сақтауын бақылауды лицензиар жүзеге асырады.

**ЕСКЕРТУ. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.12.23. N 1322 қаулысымен**

**ЕСКЕРТУ. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1334 қаулысымен**

45. Жоспарлы тексерістерді жүргізу мерзімі технологиялық процестерде материалдық залал шегуге әкеліп соғуы мүмкін еріксіз іркілістер мен үзілістерге жол бермеу мақсатында лицензиаттармен келісіледі.

46. Тексерістердің нәтижесі бойынша жасалған осындай ұсыныстардың негізінде лицензияның (патенттің) қолданылуын тоқтату туралы немесе лицензияны кері қайтарып алу жөнінде талап қою туралы шешімді лицензиар қабылдайды. Патент лицензиардың талап қоюы бойынша сот тәртібімен ғана қайтарып алынады.

47. Лицензиаттар өздері қызмет көрсететін тұтынушыларының шағымдары бойынша, егер олардың құқықтарының бұзылу фактісі анықталатын болса, онда өз жұмыстарына жүргізілген тексерістерге байланысты шығыстарды да өтейтін болады.

Басқа жағдайларда шығыстарды тексерістерге бастамашы болғандардың өздері өтейді.

## **11. Дауларды шешу**

48. Егер лицензия (патент) белгіленген мерзімінде берілмесе немесе оны беруден бас тарту өтініш берушіге негізсіз болып көрінсе, мұндай жағдайда оның бұл іс-әрекетке бір ай мерзімде сот тәртібімен шағым жасауға құқығы бар.

Лицензиат сонымен қатар лицензиардың лицензияның қолданылуын тоқтату немесе оған жаңа шарттар енгізу жөніндегі іс-әрекетіне де сот тәртібімен шағым

49. Лицензия (патент) беруден негізсіз бас тартқаны, өтініштерді қарау мерзімін бұзғаны, лицензиялардың (патенттердің) қолданылуын негізсіз тоқтатқаны, лицензиаттардың қызметін тексеру кезінде алынған коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді жария еткені үшін лицензиар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен жауап б е р е д і .

50. Лицензия беруден негізсіз бас тартуға немесе лицензиаттың құқығын бұзуға байланысты келтірілген шығындарды өтеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## **1-ҚОСЫМША**

### **Қазақстан Республикасының аумағында почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті лицензиялау ҚҰРЫЛЫМЫ**

#### **Мемлекет монополиясына жатқызылған қызмет түрлері**

1. Төзімділігі жоғары желілерді жобалау, салу және пайдалану.
2. Радио байланысының ҚТ-ды магистралдық техникалық құралдарын п а й д а л а н у .
3. Почта төлемдерінің белгілерін шығару.
4. Фельдъегерлік байланыс пен арнаулы байланыс көрсететін қызмет. Жоғарыда аталған қызмет түрлеріне монополияны сақтап қалу мемлекет мүдделерін қорғау мақсаты үшін қажет.

#### **Шектеулі бәсекелестік секторы**

1. Жалпы пайдаланымдағы желілер абоненттеріне қалааралық және халықаралық телефон байланысы көрсететін қызмет.
2. Жалпы пайдаланымдағы желілердің телеграф байланысы, телеграфтік абоненттік желілері, "Телекс" көрсететін қызмет.
3. Мемлекеттік хабарлар бағдарламаларын таратуға арналған радио байланысы, радио хабарлары мен теледидардың техникалық құралдарын п а й д а л а н у .
4. Деректер берілімі көрсететін қызмет.
5. Телематикалық қызметтер көрсететін қызмет.
6. Ұялық байланыс көрсететін қызмет.
7. Дербес байланыс көрсететін қызмет.

8. Бөлінген байланыс желілері бойынша электр байланысы көрсететін қызмет

9. Жерсерігі байланыс жүйелері арқылы электр байланысы көрсететін қызмет.

10. Байланыс каналдарын жалға беру.

11. Жерсерігі хабарлары жүйесі бойынша телевизия мен дыбысты бағдарламалар трансляциясы жөнінен көрсетілетін қызмет.

12. Телевизия мен дыбысты бағдарламалардың эфирлік трансляциясы бойынша көрсетілетін қызмет.

13. Республиканың немесе бірнеше облыстардың аумағында почта жөнелтілімдерін қабылдау, тасымалдау және жеткізу жөнінен көрсетілетін қызмет.

14. Экспресс-почта көрсететін қызмет.

15. Жалпы республикалық магистральдық және халықаралық байланыс арналарын пайдалану.

16. Магистральдық байланыс желілерін техникалық пайдалану.

17. Жерсерігі байланыс жүйелерін техникалық пайдалану.

Лицензиялар облыс аумағына да, сондай-ақ бүкіл республика аумағына да беріледі. Лицензиялар саны Халықаралық электр байланысы одағы Қазақстан Республикасына бекітіп берген бос халықаралық кодтардың, орбитадағы жерсеріктері сегменттері бос сыйымдылығының болу-болмауына және Республика аумағында енгізу үшін қабылданған техникалық стандарттардың талаптарына, бос радио жиілігінің болу-болмауына және т.б. байланысты шектелуі мүмкін.

### **Еркін бәсекелестік секторы**

1. Жергілікті телефон байланысы көрсететін қызмет.

2. Жылжымалы радиотелефон (ұялық және дербестен басқа) байланысы көрсететін қызмет.

3. Жылжымалы радио байланысы көрсететін қызмет.

4. Дербес радиошақыру көрсететін қызмет.

5. Кабельдік теледидар желісі бойынша телевизиялық бағдарламалар трансляциясы жөнінен көрсетілетін қызмет.

6. Бір облыстың аумағында почта жөнелтілімдерін қабылдау, тасымалдау және жеткізу жөнінен көрсетілетін қызмет.

7. Телекоммуникациялардың аумақтық және жергілікті желілерін техникалық пайдалану.

8. Радио байланысы, радио хабарлары мен теледидар объектілерін

техникалық пайдалану.

Лицензия бір облыстың аумағына ғана беріледі. Белгілі бір қызмет түрін бірнеше облыстық аумағында жүзеге асырғысы келетін өтініш беруші лицензиялардың тиісті санын алады.

## **2-ҚОСЫМША**

### **Почта байланысы мен телекоммуникациялар саласында біліктілік талаптары жөнінен мәліметтер беру ТӘРТІБІ**

#### **1. Кәсіпкерлік қызметпен шұғылдану құқығына лицензия сұраушы субъектіге байланысты**

Өтініш беруші өзі туралы ішінде мынадай ақпарат бар мәліметтер беруге тиіс :

өтініш берушінің жалпы сипаттамасы - атауы, ұйымдық нысаны, қызметінің негізгі түрлері ;

өтініш берілген байланыс қызметі саласындағы бұрынғы жұмысының тәжірибесі мен ауқымы ;

өтініш берілген қызмет түрі жөніндегі кәсіпорында істейтін қызметкерлердің саны, олардың біліктілігі ("байланыс" саласының бейіні бойынша жоғары немесе арнаулы орта білімі жөніндегі дипломдарына қарай, біліктігіне сәйкес кемінде үш жыл жұмыс стажы бар), лицензияланатын қызмет түрінің, көрсетілетін қызметтің сапалы әрі қауіпсіз жүзеге асырылуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға сәйкестігі ;

телекоммуникациялар құралдарын құруға немесе дамытуға арналған инвестиция көздері (өз қаражаты, бюджет есебінен қаржыландыру, Үкіметтің кепілдігімен немесе кепілдігінсіз берілген банк кредиттері, акциялар шығару мен сату және т.б. ) ;

техникалық құралдарды иелену, қолдану және пайдалану құқықтары ( толығымен өтініш берушінің өзінікі, басқа заңды тұлғалармен ортағы, толығымен басқа заңды тұлғалардікі - жалға алу құқығымен пайдалану);

көрсетілетін қызметті тұтынушылармен арадағы өзара қарымқатынастары бойынша дербестігінің дәрежесі (дербес жүзеге асырылады немесе делдалдар - " қызмет ұсынушылар" талап етіледі, не болмаса өтініш берушінің өзі басқа заңды тұлғаның делдалы болып табылады);

телекоммуникация құралдарын пайдаланудағы дербестігінің дәрежесі.

## 2. Лицензияланатын қызмет түрлеріне байланысты

Өтініш беруші лицензия сұралып отырған қызмет түрі бойынша лицензиардың қарауына техникалық ұсыныстар береді.

Техникалық ұсыныстар лицензиаттың пайдаланушыларға байланыс қызметін көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастыруы жайында толық әрі айқын мағлұмат беруге тиіс.

Техникалық ұсыныстардың құрамы мен мазмұны:

1. Құрылатын желінің атауы, көрсетілетін қызмет жөніндегі жұмыстың қандай шешімдердің негізінде жүзеге асырылатыны (директорлар кеңесінің, акционерлер жиналысының шешімі, әкімшіліктің тапсырмасы және т.б.).

2. Көрсетілетін қызмет жүзеге асырылатын аумақ, құру және/немесе даму кезеңдері бойынша және Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық бөлінісіне телу арқылы.

3. Көрсетілетін қызметке сұраныстың бағасы, бұл қызметтердің бәсекеге қабілеттігінің болжамы.

4. Негізгі техникалық шешімдер:

желінің сыйымдылығы, соның ішінде құру және/немесе даму кезеңдер бойынша, күтілетін график;

таңдап алынған жабдық үлгілері (коммутациялық, түйісу арналарындағы беріліс жүйелері, абонент учаскесіндегі арналардың үлгілері, қосарластық аппаратурасы, терминалдық жабдық және т.б.), өндіруші фирмалар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сертификаттау жүйесінде танылған сәйкестік сертификаттарының болуы; радио құралдарын пайдаланған кезде - жиілік телінімін алу қажет болатын жабдықтың тізбесін көрсету;

телефонмен сөйлесу құнын уақыты бойынша есептеу аппаратурасын, нөмірді анықтау аппаратурасын пайдалану (жергілікті телефон байланысы үшін);

әкімшілік пункттері мен желіні құру кезеңдеріне телігенде байланысты ұйымдастыру схемасы, қажетті түсініктемелерімен қоса;

Қазақстан аумағындағы жалпы пайдаланымдағы байланыс желілерімен, басқа да байланыс желілерімен өзара іс-қимыл;

станциялар аралық түйілістерді ұйымдастыру тәсілдері (өтініш берушінің байланыс желісінің өз құралдары бойынша, басқа желілердің жалға алынған каналдары бойынша нақтылы техникалық құралдары қоса көрсетіледі);

өтініш беруші желісінің шетел байланыс желісіне (халықаралық байланыс үшін), байланыс компаниялары-операторларына шығуын ұйымдастырудың тәсілі. Ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін қуаттайтын ниет жайлы хаттамалардың немесе басқа құжаттардың көшірмелерін қоса беру. Шетелдік әріптестердің желілерімен байланысты ұйымдастыру үшін пайдаланылатын техникалық

құралдар, өзара іс-қимыл жасаушы әріптестердің желілері арқылы үшінші елдерге асу мүмкіндігі;

жергілікті, қалааралық, халықаралық байланыстың кіруі мен шығуын ұйымдастырған кезде нөмірленуі көрсетілген нөмірлеу жоспары, Қалааралық және/немесе ішкі аймақтық кодтарды бөлу қажеттігі. Нөмірлеу жоспарлары және бөлінген желілер үшін кодтарды бөлу қажеттігі;

өтініш берушінің желісінде бір абонентке түсетін жоспарлы жүктеме;

ұжымдық пайдаланым пункттері мен таксофондарды пайдалану;

метрологиялық қамтамасыз ету;

тұтынушыларға көрсетілетін қызметтің, желі жұмысының сапалық кепілді көрсеткіштері (жалғауды күту уақыты, мейлінше ауыр жүктеме түсетін сағаттардағы бас тарту проценті, зақымдануларды жоюға жұмсалатын орташа уақыт және т.б.);

басқару мен пайдалану жүйелерін ұйымдастыру принциптері.

5. Радиотелефон байланысы жүйелерін және/немесе желілерін ұйымдастыру жөніндегі техникалық ұсыныстар, онда:

таңдап алынған стандартты, жиілік диапазондарын, жабдық үлгісін көрсету, таратушы жабдықтың орнатылған дәл орнын, жалпы пайдаланымдағы байланыс желісімен қосарласуды ұйымдастыру тәсілін көрсету;

жиілік каналдарының қажетті санының есебін көрсету қажет. Жалпы пайдаланымдағы байланыс желісіне құрылатын желіні жалғау ниеті болған кезде 4-тармаққа сәйкес негізгі техникалық шешімдер баяндалады.

6. Қолданылу саласына (электр байланысы желілері, радио байланысы, радио хабарлары мен теледидар) қарамастан, барлық радио жабдығына:

РЭБ-тың тактикалық-техникалық деректері;

радио таратқыштардың сипаттамалары, таралатын белгілердің сипаттамалары ;

радиоқабылдағыштардың сипаттамалары;

антенналардың сипаттамалары.

7. Жерсерігі байланыс жүйелерін құрған немесе жерсерігі байланысының жердегі станцияларын пайдаланған кезде әкімшілік пункттері арасында каналдар ұйымдастыру үшін:

пайдаланылатын жасанды жерсерігінің (ЖЖС) мақсаты, орналасуы мен иесі (елі), олардың үлгілері мен тұрған нүктесі, қызмет көрсету аймағы;

құрылатын жүйенің ЖЖС-ға жүктемесінің көлемі және даму кезеңдері бойынша жүктеменің өсуі;

жоғары және төмен қарай кететін арналардағы жиіліктердің диапазоны, модуляциялар, тығыздықтар мен станция аралық кіру үлгілері;

байланыс жүйесіне кіретін жер станцияларының үлгілері, шығарушы фирма,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сертификаттау жүйесінде танылған  
сертификаттарының болуы;

жүйенің энергетикалық параметрлері;  
жердегі байланыс желілерімен қосарласуы туралы деректер берілуі керек.

8. Радио немесе телевизия бағдарламаларының трансляциясы жөнінен қызмет көрсетуге арналған техникалық ұсыныстарда сонымен қатар радио таратқыш жабдық орналасқан ғимараттың үлгісі, антенналар қондыруға арналған бағандардың үлгісі, бағдарламалар жасалатын көздерден оларды радио таратқыш станцияға дейін беру тәсілі туралы мәліметтер болуға тиіс.

9. Почта байланысы бойынша:

почта жөнелтілімдерін жіберудің, қабылдап алып, тиісті жеріне табыстағанға дейінгі пайдаланылған көлік түрлері көрсетілген тәртібі;

шет елдерден келіп түскен және шет елдерге жіберілетін почта жөнелтілімдерін кедендік тексеруге ұсынудың тәртібі көрсетілуі қажет.

Көрсетілетін қызмет бойынша барлық қызмет түрлері үшін өтініш иесі:

байланыс қызметі көрсетілетін пайдаланушыларының санатын (барлық заңды және жеке тұлғалар немесе пайдаланушылардың шектеулі санаттарын); сондай-ақ өзінің қызмет көрсету жөніндегі міндеттерін кепілді мерзімінде және тиісті сапада атқармағаны немесе тиісінше атқармағаны үшін пайдаланушылар алдындағы өз жауапкершілігін көрсетуге;

кәсіпорынның бизнес - жоспарын беруге тиіс.

Техникалық ұсыныстар мәшіңкеге басылған екі дана мәтінде түсіндірме жазба түрінде ресімделеді, оған қажетті схемалар, кестелер, сызбалар қоса беріледі. Түсіндірме жазба қазақ немесе орыс тілінде жасалады.

### **3-ҚОСЫМША**

**Қазақстан Республикасында почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметке лицензиялар алуға және радиожилілігі спектрін пайдалануға рұқсат беруге конкурс өткізу тәртібі туралы ЕРЕЖЕ**

#### **1. Жалпы ережелер**

Осы Ереже Қазақстан Республикасында почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметке лицензиялар алуға конкурстар ұйымдастыру мен оларды өткізудің, радиожилілігі спектрін пайдалануға рұқсат берудің ортақ қағидаларын қамтиды.

Конкурс өткізуге Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің бұйрығы негіз болып табылады. <\*>

Конкурсты ұйымдастыру мен өткізу үшін арнайы комиссия құрылады, оның құрамы Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің бұйрығымен бекітіледі. <\*>

Комиссиялар әрбір конкурс үшін оны өткізудің шарттары мен өтініш берушілерге қойылатын талаптарды жеке әзірлейді, дегенмен олар осы Ережеге қ а т а ң с ә й к е с ә з і р л е н е д і .

Почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы, оның ішінде, егер ол радиожилілігі спектрін пайдаланатын салада рұқсат алуға байланысты болса, кәсіпкерлік қызметтің қандай да бір түріне лицензияларды конкурс арқылы беру туралы шешім бір аймақта қызметтің белгілі бір түрін жүргізуге бірнеше үміткер тілек білдіріп, осы аймақта жиілік ресурстары шектеулі, ондай қызметті іске асырудың басқадай техникалық мүмкіндіктері жетімсіз болған жағдайларда қ а б ы л д а н а д ы .

Мұнда шешім мемлекеттің қолындағы шектеулі табиғат ресурсы ретінде радиожилілігі аясын неғұрлым тиімді пайдалану мақсатында жылжымалы радио және/немесе радиотелефон байланысы көрсететін жаңа қызметті енгізген кезде үздік операторды (немесе екі - үш операторды) таңдап алу үшін қабылдануы м ү м к і н .

Конкурсты Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен де жариялануы м ү м к і н .

**ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1334 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.03. N 1665 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.07.22. N 724 қаулысымен .**

## **2. Конкурс комиссиясы**

Конкурс комиссиясының құрамына лицензиар мен Қазақстан Республикасының Радиожилілігі жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комитетінің өкілдерінен басқа тәуелсіз консалтинг, оның ішінде заңгерлік фирмалардың сарапшылары, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттіктің, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, қызмет түрі мен

лицензиялардың күші қолданылатын аумаққа байланысты басқа да мамандар е н г і з і л у і м ү м к і н .

Конкурс комиссиясы конкурсты ұйымдастырып, өткізеді және лицензияларды немесе рұқсатты ресімдеу үшін негіз болып табылатын қорытынды құжатты лицензиарға табыстайды.

Конкурс комиссиясының жұмысқа қосымша сарапшылар мен консультанттар т а р т у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Комиссияның қызметі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына және осы Ережеге сәйкес, жариялылық, алқалы түрде түпкілікті шешім қабылдау негізінде жүзеге асырылады.

Конкурсқа берілген өтініш құжаттарын қараған және шешім қабылдаған кезде толық құпиялылық қамтамасыз етілуге тиіс.

Комиссияның, егер өтініш беруші:  
жалған мәліметтер берсе;

Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген заңдарды бұзса;

оның өтінімінің материалдары конкурс комиссиясы белгілеген талаптарға сай келмесе, конкурс комиссиясына ұсынылған кез келген ұсынысты қабылдамай т а с т а у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Комиссия мұның өзі түпкілікті шешім қабылдау үшін қажет болса, өтініш берушілерден қосымша мәліметтер сұратып алдыруға, сондай-ақ отырыстарына өтініш берушілерді шақыруға хақылы.

### **3. Конкурсты ұйымдастыру**

Конкурс өткізу туралы шешім қабылданғаннан кейін лицензиар бұл туралы баспасөзде мәлімет жариялайды.

К о м и с с и я і ш і н д е :

конкурсты өткізу шарттары мен мерзімі және осыған байланысты қажетті р ә с і м д е р ;

конкурсқа қатысуға берілген өтінімдердің мазмұнына қойылатын талаптар; жаңа операторлар мен жұмыс істеп тұрған желілердің, соның ішінде жалпы пайдаланымдағы желілердің операторлары арасындағы жалғану үшін өзара есеп айырысуларға дейінгі мәселелерді қамтитын қатынастар туралы ақпарат;

ішінде желінің көлемі, көрсетілетін қызмет, тарифтердің деңгейі мен басқа да шарттар жөніндегі міндеттемелер айтылатын лицензияның жобасы бар конкурс құ ж а т т а м а с ы н д а й ы н д а й д ы .

Конкурс құжаттамасы дайындалып болғаннан кейін баспасөзде барлық ықтимал қатысушыларға белгіленген ақысына конкурс құжаттарын жіберуге

дайын екендіктері және оған қатысуға өтінімдер қабылдаудың басталу мен аяқталу мерзімі туралы тағы да бір жарнамалық хабарлама беріледі.

Конкурсқа өтінім құжаттарын дайындау кезеңінде үміткерлердің комиссияға жазбаша нысанда берілетін әрі конкурсты өткізу мен конкурс құжаттамасының мазмұнына қатысты сұрақтар қоюға құқығы бар. Сұрақтар мен оларға жауаптарды комиссия конкурс құжаттамасын алған барлық тараптарға жібереді.

Келіп түскен өтінім материалдарын комиссия тіркеп отырады. Өтініш берушілерге өтінімнің тіркелген мезгілі мен нөмірі жазбаша хабарланады.

Сонымен қатар барлық сұрақтар мен жауаптар да тіркелуге тиіс.

Өтінім құжаттарын қабылдау аяқталғаннан кейін бұл туралы және өтінім берген фирмалардың тізбесі жайында баспасөзде хабар беріледі.

Конкурс өткізу шарттарында белгіленген мерзімде комиссия келіп түскен құжаттарды қарап, ең үздік ұсыныстарды іріктеп алады. Қорытынды шешім дәлелденіп, отырыстан кейінгі үш күн мерзімнің ішінде отырыс хаттамасының негізінде ресімделуге тиіс. Бұл шешім жариялауы және осы шешімнің көшірмесі қоса тапсырылатын конкурс жеңімпазына лицензия және/немесе рұқсат беруі үшін лицензиарға табысталады. Комиссия отырысының хаттамасына оның барлық мүшелері, ал қорытынды шешімге - комиссия төрағасы қол қояды.

Конкурс комиссиясының отырысы оның мүшелерінің кемінде 2/3-сі қатысқан жағдайда құқықты, ал шешім білікті мамандардың көпшілік даусымен қабылданған болып саналады.

Конкурс комиссиясының қарауына келіп түскен материалдар қайтарылмайды және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің меншігінде қалады.

#### **4. Конкурсқа қатысушылар мен өтінім материалдарына қойылатын талаптар**

Конкурсқа қатысуға техникалық жобаны немесе конкурсқа берілетін ұсынысты жүзеге асыруға өзінің қаражаты немесе кредит бөлетіндігі жөнінде банктердің кепілдігі бар, қандай меншік нысанындағы болсын заңды тұлғалар, әрі жеке тұлғалар, соның ішінде шетелдік тұлғалар жіберіледі.

Конкурс комиссиясы қойған талаптарға сәйкес келетін өтінім материалдарын табыстаған, әрі тіркелу нөмірін алған заңды немесе жеке тұлғалар конкурстық ұсыныс беруші болып танылады.

Өтінім материалдарында мынадай ақпарат көрсетіледі:

1. Өтініш берушінің баяны - оның жалпы сипаттамасы, атауы, ұйымдық нысаны.

Егер конкурсқа қатысуға өтінімді консорциум берген болса, онда атауы мен

орналасқан жері, қызмет түрі; консорциум шеңберіндегі міндеттер бөлінісі, ұсынылатын заңдық нысаны: акциялары, акцияларының қаржылық қамтамасыз етілуі және т.б. көрсетіліп, консорциум мүшелеріне қысқаша сипаттама беріледі.

2. Өтініш берушінің мүмкіндіктері - құрылатын желіні немесе объектіні әзірлеу, енгізу мен техникалық қызмет көрсетуге қатысты мәліметтер келтіріледі. Егер өтінімді консорциум берген болса, онда консорциумның әрбір мүшесінің с а л ы м ы б а я н д а л а д ы .

3. Қаржылық мүмкіндіктері - қаржылық менеджменті және құжатпен расталған қаржыландыру көздерінің тізбесі.

4. Өтініш берушінің техникалық мүмкіндіктері.

Бұл бөлімде лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарына (Лицензиялау, туралы ережеге N 2 қосымша) сәйкес негізгі техникалық шешімдер егжей-тегжейлі баяндалады. Өтініш беруші өзінің қызмет көрсету мен көрсетілетін қызметтің сапасына қандай кепілдік бере алатынан көрсетуге, сонымен қатар пайдаланылатын техникалық құралдардың жай-күйі, көрсетілетін қызметтің барлық номенклатурасына қойылатын тарифтер туралы ақпаратты, сондай-ақ статистикалық есеп деректерін беріп тұруға, жабдықтардың техникалық параметрлеріне тексеріс жүргізген кезде мемлекеттік қызметтерге кедергі келтірмеуге өзінің әзір екенін қуаттауға тиіс.

5 . Н а р ы қ т ы б а ғ а л а у :

өтініш берушінің көрсетіліп келе жатқан қызмет пен оны дамыту келешегін ескере келіп, нарыққа беретін бағасы;

осындай бағаны алудың әдісін (әдістерін) сипаттау;

лицензияның қызмет мерзіміне өтініш берілген қызметке деген күтіліп отырған қажеттілік және келешектегі даму жоспарлары.

6. Қамту аумағына сәйкестендірілген, жылдар бойынша дамуды қоса алғанда, жоспардың негізгі факторлары мен қағидалары баяндалған жұмыс жоспары; іске қосуға, техникалық күтім жасауға кететін жалпы шығындар мен лицензия қолданылатын бұдан кейінгі жылдарға арналған басқа да күрделі салымдар; лицензия берілетін мерзімге экономикалық көрсеткіштер жөніндегі ұсыныстарды бағалауға арналған бизнес-жоспар (күрделі салымдар, көрсетілетін қызмет т а р и ф т е р і , п а й д а ) .

Өтініш берушілер, өздерінің пікірлерінше, комиссияға жобаларды ( ұсыныстарды) неғұрлым әділ бағалауға мүмкіндік беретін конкурстың мән-мағынасына қатысты кез-келген деректі қосымша хабарлап, жобаны ( ұсынысты) жаңғыртудың ықтимал жолдары мен оларды іске асыру мерзімдерін көрсете алады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК